

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 10 мамыр N 696

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 P990247_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбындағы және 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықта:

тақырыбындағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының" және "мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын жұмыс топтарын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы" және "мен жұмыс топтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-бөліммен және 25-1, 25-2, 25-3, 25-4-тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Жедел жұмыс топтары

25-1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тиісті орынбасарлары мен Премьер-Министрдің Кеңесі Басшысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ нақты проблемалар бойынша және түрлі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерін тарта отырып кідіріссіз және жедел шешуді қажет ететін мәселелер бойынша ұсыныстарды әзірлеу мақсатында жедел жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

Жедел жұмыс топтары өздерінің мәртебесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің консультативтік-кеңесші органы болып табылмайды, олардың арасындағы міндеттердің бөлінуіне сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы қызметінің тиісті бағыттары бойынша тиісті ұсынымдар (ұсыныстар) әзірлеуге арналған.

25-2. Жедел жұмыс топтарының қызметі, әдетте, қысқа мерзімді (3 айдан аз) сипатта болады және тиісті проблема және/немесе мәселе бойынша бірмәрте ұсынымдық шешім қабылдаумен аяқталады.

Жедел жұмыс топтарының құрамына әдетте, жедел жұмыс тобына жүктелген міндеттерді тікелей атқарушылар, сондай-ақ олардың келісімі жағдайында мемлекеттік және өзге де ұйымдардың мамандары кіреді.

25-3. Жедел жұмыс топтары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тиісті орынбасарларының және/немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының шешімі бойынша құрылады.

Жедел жұмыс тобының құрамын, оның мақсаттары мен міндеттерін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тиісті орынбасары және/немесе Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы бекітеді.

25-4. Жедел жұмыс тобының қызметі осы Нұсқаулықтың 20-тармағында

көзделген негіздемелер бойынша тоқтатылады.

Жедел жұмыс тобының қызметін тоқтатуына әкеп соқтыратын жағдайлар пайда болған кезде, жедел жұмыс тобының жетекшісі істелген жұмыстар туралы есеп-хат ұсынады.

Премьер-Министрдің тиісті орынбасары және/немесе Премьер-Министр Кеңесінің Басшысы жедел жұмыс тобының қорытындыларына келісім білдірген жағдайда, оның қызметі тоқтатылған болып есептеледі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК